ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ
ӘКІМДІГІНІҢ
«БҰҚАРБАЙ БАТЫР
АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ
ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧЕРЕЖДЕНИЕ
«АППАРАТ АКИМА
СЕЛЬСКОГО ОКРУГА
БУХАРБАЙ БАТЫР»
АКИМАТА
ЖАЛАГАШСКОГО РАЙОНА

ӨКІМ

РАСПОРЯЖЕНИЕ

"19" ақпан 2026 ж./г.
Бұқарбай батыр ауылы

№ 23
село Бухарбай батыр

2026 жылға арналған қызметтерді бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының 41-бабына және "Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығына сәйкес:

1. "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының 38-бабының 7-тармақшасына сәйкес, Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы әкімдігінің, «Бұқарбай батыр ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі статистикалық мәліметтерге жазылу,

2. "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі Заңының 16-бабының 3-тармағы 28-тармақшасына сәйкес (Бұқарбай батыр ауылының санитариясын қамтамасыз ету қызметі) "Бұқарбай батыр ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметтерге тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүргізсін.

3. Мемлекеттік сатып алуды веб-порталы арқылы көрсетілетін қызметтердің нарығын талдау нәтижелері бойынша айқындалған өнім берушілерге шақыру жіберу, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізуге жауапты "Бұқарбай батыр ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас маманы М.Изтелеуоваға жүктелсін.

4. Тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден сатып алу туралы шешім қабылдау үшін жауапкершілік өзіме жүктелсін.

Бұқарбай батыр ауылдық округі әкімі **Е.Сәйділда**

000023